Әділет

**"Көлік құралдарын басқару құқығын алу, емтихан қабылдау, азаматтарға жүргізуші куәлігін беру ережесін" бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Бұйрық Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 1998 жылғы 12 қазан N 343. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 8 ақпан N 679 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 90 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010.02.26 № 90 Бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2005.05.19 N 294 (ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбында және бүкіл мәтіні бойынша "тәртібі туралы" деген сөздер алынып тасталды, "ережелерді" деген сөз "ережесін" деген сөзбен ауыстырылды - Ішкі істер министрінің 2008.11.13 N 424 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы желтоқсанның 21-індегі N 2707 "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" заң күші бар Жарлығына және Қазақстан Республикасының 1996 жылғы шілденің 15-індегі N 29 "Жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы" Заңына сәйкес **бұйырамын** :

1. Қосылып берiлiп отырған:

1) Қазақстан Республикасында көлiк құралдары мен тiркемелердi мемлекеттiк тiркеуден өткiзу Ережелерi /қосымшаларымен бiрге/;

2) Көлiк құралдарын, олардың тораптары мен агрегаттарын сатып алуға берiлетiн анықтама-есепшоттың бланкiлерiн қабылдап алу, есепке алу, сақтау және жұмсау Ережелерi /қосымшаларымен бiрге/;

3) Көлiк құралдарын басқару құқығын алу, емтихан қабылдау, азаматтарға жүргiзушi куәлiгiн беру Ережелерi /қосымшаларымен бiрге/;

4) Тiркеу құжаттары мен жүргiзушi куәлiктерiнiң бланкiлерi, көлiк құралдарының номерлiк белгiлерiн қабылдап алу, есепке алу, сақтау, жұмсау және ҚР IIМ Жол полициясының тiркеу-емтихан бөлiмшелерiнде тексерiс өткiзу Ережелерi /қосымшаларымен бiрге/ бекiтiлсiн.

2. Аталмыш Ережелер Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлiгiнде мемлекеттiк тiркеуден өткен күннен бастап күшiне енедi деп белгiленсiн.

3. Облыстардың, Астана мен Алматының IIБ, ҚIIБ бастықтары:

1) аталмыш Ережелерді жол полициясы мен ішкі істер органдарының басқа қызметтерінің барлық бөлімшелерінде оқып-үйренуді және Ережелерде көзделген қызмет құжаттарын жасауды қамтамасыз етсін;

2) Ережелерге сәйкес тіркеу-емтихан бөлімшелерінің жұмысына бақылау жасауды және кадрлар алмастыру принципін пайдалана отырып, бұл бөлімшелерді неғұрлым білікті мамандармен толықтыруды ұйымдастырсын;

3) облыстардың, Астана мен Алматы ІІБ, ҚІІБ ЖПД жанынан жаңа қосымша тіркеу-емтихан бөлімшелері мен пункттері құрылғанда мұны ҚР ІІМ Жол полициясы департаментімен келіскеннен кейін ғана жүзеге асырсын;

4) Бекітілген Тәртіптер талаптарының орындалуын бақылау жөніндегі дербес жауапкершілік Астана қаласының ІІБ, Алматы қаласының ІІББ, облыстардағы ІІББ-ІІБ Жол полициясы басқармаларының бастықтарына жүктелсін.

5) Ережелердің мазмұнын жүргізуші кадрлар даярлайтын кәсіпорындар мен ұйымдардың, оқу мекемелерінің және бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып түсіндіру арқылы жұртшылықтың назарына жеткізсін.

Ескерту: Бұйрықтың 3-тармағындағы 4-тармақшасы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 249 бұйрығымен .

4. Жол полициясының департаменті 1998 жылдың екінші жартыжылдығында мың данамен жеке кітапша шығаруды қамтамасыз етсін.

5. ҚР ІІМ-нің 1996 жылғы маусымның 24-індегі N 217 бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Жол полициясы Департаментіне жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының*
*Ішкі істер министрі Ішкі істер*
*әскерлерінің колбасшысы*

*генерал-лейтенант*

**Көлік құралдарын басқару құқығын алу, емтихан қабылдау, азаматтарға жүргізуші куәлігін берудің Ережелері**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының барлық азаматтары үшін, сондай-ақ республика территориясында жүрген немесе тұратын шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдар үшін бірегей әрі міндетті болып табылады, сондай-ақ емтихан қабылдаудың, азаматтарға жүргізуші куәлігін

берудің және жүргізушілерді көлік құралдарын басқаруға жіберудің тәртібін белгілейді.

Көлік құралдарының анықтауы 1997 жылғы 25 қарашада енгізілген Жол қозғалысы ережелерінде келтірілген.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

1-1. Қазақстан Республикасының аумағында ұлттық және халықаралық жүргізуші куәліктері беріледі.

Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

1-2. Халықаралық жүргізуші куәліктері ұлттық жүргізуші куәліктерінің негізінде беріледі және ұлттық жүргізуші куәліктерінің қолданылу мерзімі ішінде жарамды.

Ескерту. 1-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

2. Барлық көлік құралдары олардың типіне, қажеттігіне және оларды басқару ерекшелігіне орай "А", "В", "С", "Д", "Е", трамвай, троллейбус категорияларына бөлінеді, оларды басқаруға тиісті графаларына рұқсат ету белгісі соғылған бірегей жүргізуші куәлігі беріледі.

Бұдан әрі - "...категориялы куәлік".

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

3. "А", "В", "С", "Д", "Е" графаларында рұқсат ету белгісі бар жүргізуші куәлігіне ие адамдар мыналарды басқара алады:

"А" - мотоциклдарды, мотороллерлерді және басқадай мотокөлік құралдарын;

"В" - толық салмағы 3500 кг аспайтын және жүргізушінің орнынан басқа отыратын орындар саны сегізден аспайтын автомобильдерді;

Салмақтың анықтауы Жол қозғалысы ережелерінде келтірілген.

"С" - толық салмағы 3500 кг асатын жүк автомобильдерін;

"Д" - жолаушылар тасымалдауға арналған және жүргізушінің орнынан басқа сегіз орындықтан артық орны бар автомобильдерді;

"Е"-"В"-"С" немесе "Д" категориялы көлік құралдарына жататын және жүргізуші оларды басқаруға құқы бар тіркемелі көлік құралдарын.

Трамвайдың жүргізушісіне тек қана трамвайды, троллейбустың жүргізушісіне тек қана троллейбусты жүргізуге рұқсат етіледі.

Ескерту: Жолаушылар тасымалдауға арналған автомобильдерге жататындар:

- барлық кластағы автобустар және адамдар (вахталық бригадалар) тасу үшін қайта жабдықталған және жасаушы завод жағдайында сериялық тәртіппен

жасалған тиісті сиымдылықтағы автофургондар, сондай-ақ сегіз адамнан артық таситын жүк автомобильдері жатады;

- "В", "С" немесе "Д" категориялы көлік құралдарының жүргізушілеріне оларды толық салмағы 750 кг аспайтын тіркеме болғанда да басқару құқы беріледі. "С", "Д" категориялы көлік құралдарын толық салмағы 750 кг асатын тіркемесі болғанда, сондай-ақ ұзартылған автобустарды, троллейбустарды жүргізгенде жүргізуші куәлігінде "Е" категориясына рұқсат етілген белгі болуы қажет.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

4. Емтихан қабылдауды, азаматтарға жүргізуші куәлігін беруді және "А", "В", С", "Д", "Е" категориялы көлік құралдарын, сондай-ақ трамвай, троллейбусты басқаруға жіберуді Қазақстан Республикасы IIМ Жол полициясының тіркеу-емтихан бөлімшелері іске асырады. _______________

Бұдан әрі - ЖП бөлімшелері.

5. Ұйымдар (бұдан әрі - ұйымдар) меншік нысанына қарамастан бірыңғай үлгі бағдарламалардың негізінде көлік құралдарының жүргізушілерін даярлауды және қайта даярлауды заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

6. "Көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 10 шілдедегі N 341 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4341 болып тіркелген) бекітілген үлгісі "Оқу курстарын бітіру туралы куәлік" жүргізушілердің даярлықтан және қайта даярлықтан өткенін растайтын құжат болып табылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2008.11.13 N 424 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

## 2. Көлік құралдарын басқару құқын алудың тәртібі

7. "А", "В", "С", "Д", "Е" категориялы көлік құралдарын, трамвай, троллейбусты басқаруға құқық алғысы келген адам оқу ұйымдарында даярлықтың толық курсын өтуге, ал оқу басталғанға дейін ҚР Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі белгілеген тәртіп бойынша медициналық тексерістен өтуге міндетті (1-қосымша).

7-1. "А" және "В" санатындағы көлік құралдарын жүргізу құқығы куәлігін алу үшін тиісті бағдарламалардың көлемінде азаматтардың өз бетінше дайындалуына рұқсат етіледі.

Ескерту. 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

8 . < * >

Ескерту. 8-тармақ алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

9. ЖП бөлімшелері көлік құралдарын басқаруға құқық алу үшін емтихан тапсыруға, көлік құралын басқару құқының куәлігін беруге тұрғылықты жері бойынша тіркелген азаматтарды, сондай-ақ келген жеріндегі ішкі істер органдарында тиісті тәртіппен тіркелген шетелдік азаматтарды жібереді.

Барлық әскер түрлерінің әскери қызметшілері емтиханға әскери бөлімшенің тұрған жерінде жіберіледі.

10. "А", "В", "С", "Д" категорияларына жататын көлік құралдарын басқару құқының жүргізуші куәлігі, сондай-ақ трамвайды немесе троллейбусты басқару құқығының жүргізуші куәлігі ЖП бөлімшелерінде теориялық емтихан тапсырған адамдарға беріледі.

Теориялық емтихан тапсырғанда Жол қозғалысы ережелері мен жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатысты және оқу бағдарламасында көзделген басқа пәндерден білімі тексеріледі. Көлік құралдарын жүргізу дағдылары бойынша практикалық емтихан ЖП қызметкерлерінің қатысуымен оқу аяқталғаннан кейін оқу ұйымдарында өткізіледі.

Ескерту: 10-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005.05.19 N 294 (ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

11. Көлік құралын басқару құқы мыналарға берілуі мүмкін:

- он алты жасқа толғандарға - мотоцикл, мотороллер және басқадай мотокөлік құралдарын жүргізуге ("А" категориясы);

- он сегіз жасқа толғандарға - рұқсат етілген салмағы 3500 кг аспайтын және отыратын орны жүргізушіні қоспағанда сегізден аспайтын автомобильдерді ("В" категориясы), сондай-ақ рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3500 кг асатын автомобильдерді ("С" категориясы) жүргізуге;

- жиырма жасқа толғандарға - жолаушы тасымалдауға арналған және отыратын орны жүргізушіден басқа сегізден артық автомобильдерді ("Д" категориясы), трамвайды және троллейбусты жүргізуге;

- "В"-"С" немесе "Д" санаттарының көлік құралдарын басқару құқы бар адамдарға тиісті категориядағы көлік құралын кемінде 12 ай жүргізген стажы болғанда тіркемелі көлік құралдарын жүргізуге ("Е" категориясы).

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

12. "С" немесе "Д" категориялы жүргізуші куәлігі бар әйелдер көтерімділігі мен жолаушылар сиымдылығы Қазақстан Республикасының күшіндегі

заңдарында белгіленген нормалардан аспайтын жүк автомобилін немесе автобусты басқаруға жіберіледі.

13. <*>

Ескерту: 13-тармақ алынып тасталды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 294 (ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

14. "D" санатының көлік құралдарын жүргізу құқығы белгіленген бағдарламалар бойынша даярлықтан өткен, теориялық емтихан тапсырған адамдарға беріледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда, өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен , 2005 жылғы 19 мамырдағы N 294 (ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

15. <*>

Ескерту: 15-тармақ алынып тасталды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 294 (ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

16-17. <*>

Ескерту: 16-17-тармақтар алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 249 бұйрығымен .

## 3. Емтихан қабылдау және жүргізуші куәлігін беру тәртібі

18. Көлік құралдарының барлық категорияларын басқару құқына теориялық емтиханды ЖП бөлімшелерінің емтихан комиссиясы қабылдайды.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 294 (ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

19. Теориялық емтихан қабылдайтын комиссияның құрамында кемінде үш адам болуы керек. Оның құрамын тіркеу-емтихан бөлімшесінің бастығы тағайындап, оған:

* ЖП бөлімшесінің қызметкері (комиссия төрағасы);

* жүргізушілерді даярлаумен айналысатын оқу орнының, автокөлік кәсіпорнының, әскери комиссариаттың және қоғамдық ұйымдардың өкілдері (комиссия мүшелері) кіреді.

Теориялық емтихан комиссиясының құрамына сыналатын топты даярлауды жүргізген оқытушылар мен өндірістік шеберлерді енгізуге тыйым салынады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005

жылғы 19 мамырдағы N 294 (ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

20. Емтихан комиссиясының мүшелері Жол қозғалысы ережелерін, емтихан қабылдаудың әдістемесін білуі керек және оның:

- автомобиль мамандығы бойынша жоғары немесе орта арнаулы білімі;

- олар емтихан алатын категория бойынша жүргізуші куәлігі;

- осы лауазымы бойынша жұмыс стажы, сондай-ақ үш жылдан кем емес жүргізушілік стажы болуы керек.

21. Оқу орнында оқығандардан емтихан жағдайға байланысты сол жерде, сондай-ақ емтихан комиссиясы орналасқан жерінде бұдан бұрын өткен айдың 25-інен кешікпей берілген тапсырысқа сәйкес қабылданады.

22. Көлік құралдарын жүргізу құқығына жүргізуші куәлігін алу үшін жүргізуші болуға үміткер жол полициясының бөлімшесіне:

1) өтініш;

2) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат;

3) курстарды бітіргені туралы куәлікті және оның көшірмесін (жеке тәртіпте даярлықтан өткен адамдарды қоспағанда);

4) медициналық анықтама;

5) жүргізуші карточкасын (N 2 қосымша);

6) жүргізуші куәлігін беру үшін мемлекеттік бажды төлегендігін растайтын құжатты ұсынады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

23. Жүргізуші куәлігін алуға емтихан тапсырар алдында жүргізуші карточкасы толтырылып (2-қосымша), ол паспортпен немесе оның орнына жүретін құжатпен бірге емтихан комиссиясына ұсынылады.

24. Теориялық және практикалық емтиханды алудың әдістемелері 12, 13-қосымшаларда баяндалған.

Ескерту. 24-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 294 (ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

25. Оқу орнында көлік құралын басқару құқына даярлықтан өткендер үшін емтихан екінші рет кем дегенде 7 тәуліктен соң, ал 7-1-тармақта көрсетілген адамдар үшін - 10 тәуліктен кейін өткізіледі.

Ескерту: Басқа жерге немесе әскери қызметке, оқуға, ұзақ іссапарға (3 айдан артық) кететіндер үшін бұл тиісті құжатпен расталғанда ерекшелік ретінде екінші емтихан 5 тәуліктен кейін алынуы мүмкін.

Басқадай жағдайларда емтихан мерзімі реттелмейді, бірақ ол бір тәуліктен кем болмауы керек.

Теориялық емтиханда алынған баға үш айға дейін күшін сақтайды. Осы уақыт өткеннен кейін жүргізушіге кандидатқа қайтадан теориялық емтихан белгіленеді.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен , 2005 жылғы 19 мамырдағы N 294 ( ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

26. Жол қозғалысы ережелері бойынша емтихан карточкалары хаттамамен бекітіліп (4 қосымша), оған емтихан қабылдауға қатысқан комиссия мүшелерінің барлығы қол қою керек.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 294 (ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

27. Жеке адамдардың жеңіл көлік құралдары мен мотоциклдерін қоспағанда, көлік құралдарын тіркеу және есептен шығару қалалардың (аудандардың) қорғаныс істер жөніндегі тиісті басқармаларын (бөлімдерін) жазбаша хабарлағаннан кейін ғана жүргізіледі.

Ескерту: 27-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 16 ақпандағы N 78 бұйрығымен .

28-30. <*>

Ескерту. 28-30-тармақтар алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

31. Жүргізуші куәлігі он жылға беріледі (бұл туралы "... дейін жарамды" немесе "Ерекше белгілер үшін" графаларында тиісті жазу жазылады), сол мерзім біткенде осы Ережелердегі тәртіп бойынша айырбастауға жатады.

Ескерту: Медициналық қайта тексеруден өту мерзіміне шектеуі бар жүргізушілер шетелге шыққанда куәлігіне басқа мерзім қойылады.

32. Трамвай, троллейбус, мотоколяска жүргізуге құқық беретін куәлік алғанда , оның "Ерекше белгілер үшін" графасына көлік құралының тиісті санаты көрсетіле отырып, жазба жазылады. Осы графаға басқадай шектеулер мен нұсқаулар қойылуы мүмкін.

Ескерту. 32-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

33-34. <*>

Ескерту. 33-34-тармақтар алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

35. Басқа категориялы көлік құралын басқаруға рұқсат алғанда жаңа куәлік беріліп, оған бұрынғысындағы қажет белгілер көшіріп жазылады.

36. Жүргізуші куәлігі оның иесіне есеп реестріне қол қойып, паспортын не оның орнына жүретін құжатын сондай-ақ жүргізуші куәлігін әзірлеу үшін ақы

төлеуді растайтын құжатты көрсеткенде беріледі.

Ескерту: 36-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 28 қазан N 762 бұйрығымен . (Бұйрық 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

37-38. <*>

Ескерту. 37-38-тармақтар алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

39. Бас бостандығынан айрылған, бірақ сот көлік құралын жүргізу құқынан айырмаған жүргізуші куәліктері еңбекпен түзеу мекемесі әкімшілігінің сұрауы бойынша жазасын өтеп жатқан жердегі ЖП бөлімшесіне күшіне енген үкімнің не сот қаулысының негізінде қайтарылуы мүмкін.

## 4. Жүргізуші куәліктерін ауыстыру және жоғалғандарының орнына беру сондай-ақ оларды шетел азаматтарына ауыстыру мен берудің тәртібі

40. Жүргізуші куәлігі өтініш (5-қосымша), тиісті категорияны жүргізуге жарамдылығы жөнінде қол қойылған анықтама, жүргізуші карточкасы немесе жүргізуші куәлігін берген ІІБ ЖП-ның растауы болған жағдайда ауыстырылады.

Ескерту. 40-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 294 (ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

41. <*>

Ескерту. 41-тармақ алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

42. Жаңа куәлік берілгенде оның "Ерекше белгілер үшін" графасына бұрынғы куәліктің сериясы, номері және берілген күні жазылады.

43. "Дубликат" белгісі бар жаңа жүргізуші куәлігі бұрынғысы жоғалған жағдайда тұратын жері бойынша немесе уақытша тұратын жері бойынша есепте тұрған азаматтарға өтініштің, жүргізуші карточкасының, медициналық анықтаманың, ал қажет болғанда - оқу ұйымын бітіргені туралы куәлігін ұсынғанда немесе бұрынғы куәлікті берген ІІБ ЖП-ның растауы негізінде беріледі.

Ескерту. 43-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен .

44. Жүргізуші куәлігі жоғалған жағдайда оны қалпына келтіру кезеңінде Ереженің 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бір айға дейінгі мерзімге уақытша жүргізуші куәлігі беріледі. Қажет болған жағдайда (сұрау салулар жіберу және оларға жауап алу, куәлікті жоғалтуға байланысты жекелеген

мән-жайларды анықтау) уақытша жүргізуші куәлігі 30 тәулікке дейінгі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Ескерту: 44-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

45. Уақытша жүргізуші куәліктері жүргізуші куәліктері берілгеннен кейін материалдарға қосылады.

Ескерту: 45-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

46. Халықаралық жүргізуші куәліктері Қазақстан Республикасы ауқымында жарамды. 1968 жылғы 8 қарашадағы Жол қозғалысы туралы Конвенция талаптарына сәйкес берілген ұлттық жүргізуші куәліктері олардың аудармасы болған жағдайда Қазақстан Республикасы аумағында жарамды.

47. Жол қозғалысы туралы Конвенцияның талаптарына сай келмейтін ұлттық жүргізуші куәліктері ҚР аумағында, егер халықаралық келісімдер қосымша түсінік бермесе, міндетті түрде ауыстырылуы керек.

Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқтардың куәліктерін айырбастау Жол полициясының бөлімшелерінде куәліктің түпнұсқасы мен оның мемлекеттік тілде расталған аудармасы, ішкі істер органдарында тіркелген паспорты негізінде медициналық тексерістен өткеннен кейін және ЖП-да теориялық емтиханды тапсырған соң беріледі. Бұл кезде ұлттық жүргізуші куәлігінде рұқсат етілген категориядағы куәліктер беріледі. Мұндайда ұлттық жүргізуші куәлігіндегі көлік құралдарының категорияларын басқаруға рұқсат етілген және Жалпы ережелердің 3 тармағындағы талаптарға сай келетін (елге кіру құжаттары күшін сақтайтын мерзімдегі жүргізуші куәлігі беріледі. Ұлттық жүргізуші куәлігі ЖП бөлімшелерінде сақталып, оның иесі өз еліне қайтарда өтініші бойынша және бұрын берілген Қазақстан Республикасының жүргізуші куәлігін тапсырғанда қайтарылып беріледі.

Ескерту. 47-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 184 бұйрығымен , 2005 жылғы 19 мамырдағы N 294 ( ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

48. Қазақстан Республикасындағы шетелдік дипломатиялық, консулдық және басқа да өкілдіктердің қызметкерлерінің жүргізуші куәліктерін айырбастау тәртібін Қазақстан Республикасы Сыртқы және Ішкі істер министрліктері белгілейді.

49. Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқтардың ұлттық жүргізуші куәлігі болмағанда, Қазақстан Республикасының жүргізуші куәлігі олардың болу мерзімі 6 айдан асатын болса, жалпы негізде беріледі.

50. Шетелдердегі Қазақстан Республикасының азаматтары сол елдердегі Жол қозғалысы Конвенциясының талаптарына сай жүргізуші куәлігі, сондай-ақ халықаралық жүргізуші куәлігі болса, оларды медициналық тексерістен өткен соң және ЖП бөлімшелеріне көрсетілген жүргізуші куәліктерін (расталған аудармасы бар) ұсынғанда, Қазақстан Республикасының тиісті жүргізуші куәлігіне айырбастай алады.

51. Шетелде Жол қозғалысы Конвенциясының талаптарына сай келмейтін сол елдің ұлттық жүргізуші куәлігін алған Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының тиісті жүргізуші куәлігі медициналық тексерістен өткеннен кейін, расталған аудармасы бар ұлттық жүргізуші куәліктерін ЖП бөлімшесіне ұсынғаннан кейін, сондай-ақ теориялық емтиханды тапсырғаннан кейін беріледі.

Ескерту. 51-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 294 (ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

52. Қазақша немесе орысша білмейтін шетел азаматтары теориялық емтихан тапсыруға маман аудармашылар арқылы қатысып, олар туралы мәліметтер комиссияның хаттамасына енгізіледі. Мұндайда әдетте теориялық емтихан ауызша тапсырылады да, оның уақытына шек қойылмайды.

Ескерту. 52-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 294 (ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

52-1. Жүргізуші куәліктерін ауыстыру және жоғалғандардың орнына жаңа жүргізуші куәліктерін беру, сондай-ақ шетел азаматтарына оларды ауыстырып беру және беру тек қана жүргізуші куәлігін әзірлеу үшін ақы төлеуді растайтын құжатты ұсынғаннан кейін жүргізіледі.

Ескерту: 52-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 28 қазан N 762 бұйрығымен . (Бұйрық 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.)

## 5. Көлік құралдарының жүргізушілерін даярлайтын және қайта даярлайтын оқу ұйымдарын тіркеудің тәртібі

53. Көлік құралдарының жүргізушілерін даярлайтын және қайта даярлайтын барлық оқу орындары ЖП бөлімшелерінде тіркеуде тұрады.

54. Жүргізушілер даярлайтын және қайта даярлайтын жаңадан ашылған оқу ұйымын тіркеу кезінде оған тексеріс жасалады. Тексеріс жасайтын комиссияның құрамына ІІБ ЖП бөлімшесінің қызметкері (төраға), облыстық (қалалық, аудандық) білім басқармасының өкілі (төрағаның орынбасары), сондай-ақ

комиссия мүшелері ретінде - оқу және жоғары тұрған (ондай бар болса) ұйымның өкілдері кіреді.

55. Тексеріс кезінде жүргізуші кадрлар даярлау құқығы барлығы, оқу-материалдық базасының Қазақстан Республикасының күшіндегі заңдарына сәйкестігі, инженерлік-педагогикалық жұмыскерлер мен өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілік деңгейі, сондай-ақ оқу ұйымының сабақ жүргізуге дайындығы анықталып, еркін түрдегі тиісті акті жасалады. Оқу ұйымы осы талаптарға сай келгенде жоғарыдағы актіге жинақталған топтардың саны және оқудың басталу мен аяқталу мерзімдері көрсетіледі.

56. Көлік құралдарының жүргізушілерін даярлайтын және қайта даярлайтын оқу топтарындағы адамдар саны 30-ға дейін барады. Оқу басталғанға дейін 10 күннің ішінде оқу ұйымы тапсырыс пен оқушылардың тізімін (6, 7-қосымшалар) ұсынып, ЖП бөлімшесінде әр оқу тобын тіркейді. Оқушылар тізімі ЖП бөлімшесінде оқу топтарын есепке алу журналына тіркеледі (8-қосымша).

Ескерту. 56-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2008.11.13 N 424 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

57. <*>

Ескерту. 57-тармақ алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2008.11.13 N 424 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

58. ЖП бөлімшелерінде жүргізушілер даярлайтын оқу орындарын бақылау істері жасалып, онда олардың іс-әрекеттері мен жабдықталуын сипаттайтын негізгі мәліметтер, ескертулердің көшірмелері, түрлі актілер, тексеріс материалдары, қысқаша талдау анықтамалары және т.б. сақталады.

## 6. Жүргізуші құжаттарын және басқа да материалдарды сақтау тәртібі

59. Жүргізуші куәліктері бланкілерінің келіп түсу және жұмсалу есебі қатаң есептегі бланкілер және номерлік белгілердің келіп түсу мен жұмсалуының есепке алу кітабына жазылады (9-қосымша).

60. Жүргізуші куәліктерінің бланктері, жұмсалатын материалдары осы бұйрықпен бекітілген Ережелерге сәйкес қатаң есептегі құжаттар дәрежесінде сақталады.

61. Толтыру кезінде бүлінген жүргізуші бланктері кезекті тексеріс кезінде біржола жойылып, ол туралы акт жасалады.

Денсаулығына байланысты алынған, жоғалып табылған, бірақ орнына жаңасы берілген, айырғаннан кейін 2 жыл ішінде иесі келіп алмаған жүргізуші куәліктері де осындай тәртіппен жойылады, ол туралы куәлік беру реестріне белгі соғылады.

Басқа ЖП бөлімшелері берген жүргізуші куәліктерінің жойылғаны туралы сол бөлімшелерге хабарланады (10-қосымша).

62. Жүргізуші куәлігін беруге және ауыстыруға негіз болған материалдар ( өтiнiштер, ескi жүргiзушi куәлiктерi, жүргізуші куәлігін әзірлеу үшін ақы төлеудi растайтын құжат, оқу туралы куәлiктер), сондай-ақ оқу топтарының тiзiмi жеке iске тiгiлiп, белгiленген тәртiппен 5 жылға дейiн сақталады.<*>

Ескерту: Жаңасы берiлгенде, ескiсiне "Күшiн жойды" деген штамп қойылып, i с к е т i г i л е д i .

Емтихан комиссияларының хаттамаларын сақтау мерзiмi - 10 жыл, жүргiзушi куәлiктерiн беру реестрiнiң сақталуы - 60 жыл. Хаттамалар мен реестрлер ЖП б ө л i м ш е л е р i н д е с а қ т а л а д ы .

Ескерту: 62-тармақ өзгертiлдi - ҚР Iшкi iстер министрiнiң 2001 жылғы 28 қазан N 762 бұйрығымен . (Бұйрық 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшiне енедi.)

63. Медициналық анықтама, жүргiзушi карточкасы олардың барлық реквизиттерiн толтырғаннан кейiн куәлiкпен бiрге жүргiзушiге қайтарылады.

64. Көлiк құралын басқару құқынан айрылған адамдардың куәлiктерi ЖП бөлiмшелерiнiң көлiк иелерi тұратын ауқымға қызмет ететiн тiркеу-емтихан бөлiмдерiнде сақталады.

Жағдайға N 1 қосымша

_____________________

(мекеменiң атауы)

**Медициналық анықтама**

**(ЖП-ға ұсыну үшiн)**

Фамилиясы ___________________________ Аты__________________________

Әкесiнiң аты ________________________ Жасы_________________________

Тұратын жерi________________________________________________________

Жұмыс iстейтiн орыны_______________________________________________

Медициналық қызметтi өттi "____" _____________ 199___ ж.

**Медициналық комиссияның**

**Қорытындысы**

1. Троллейбус, трамвай жүргiзуге жарамды (жарамсыз).
2. Мотоцикл, мотороллер, мотонартан жүргiзуге жарамды ( ж а р а м с ы з ) .
3. Рұқсат етiлген ең үлкен салмағы 3500 кг.-ден аспайтын автомобильдi жүргiзуге жарамды (жарамсыз). Жүргiзушiнiң орнынан басқа отыратын орындығы 8 орыннан ("В" категориясы) аспайтын.
4. Салмағы шектеусiз ("С" категориясы) автомобильдердi жүргiзуге жарамды (жарамсыз).

5. Қолмен басқарылатын автомобильді жүргізуге жарамды (жарамсыз).

6. Мотоколясканы жүргізуге жарамды (жарамсыз).

(керегі жоғын сызу керек)

Анықтаманың жарамдылық мерзімі ________________________________

Суреттің орны

М.О.

Комиссияның төрағасы (қолы)

Хатшысы (қолы)

Жағдайға N 2 қосымша

**Жүргізушінің карточкасы**

Фамилиясы ___________________________

Аты ______________________________

Әкесінің аты______________________________________________

Туған жылы мен жері__________________________________________

Үйінің адресі__________________________________________________

Паспорттың сериясы __________________________ N____________

Берілген__________________________________________________

(ішкі істер органы)

Фотосуреттің орны

Медициналық тексерістен өтті__________________

______________________________________________

(медициналық мекеменің атауы, анықтаманың нөмері

______________________________________________

және тексерістен өткен уақыты)

Оқуды мынадай бағдарламамен өтті______________

______________________________________________

(қандай көлік құралының категориясына оқыды және

______________________________________________

қандай оқу орнын бітіргенін көрсету қажет)

N __________ куәлік алды "__" _________199___ж.

**Куәлік берілді**

--------------------------------------------------------------

! Категориясы ! Сериясы ! Куәліктің нөмері ! Берілген! Құжатты

! ! ! ! мерзімі ! берген
! ! ! ! ! адамның
! ! ! ! ! қолы,
! ! ! ! ! мөрмен
! ! ! ! !расталады
-----------------------------------------------------------------
! ! ! ! !
-----------------------------------------------------------------
! ! ! ! !
-----------------------------------------------------------------
! ! ! ! !
-----------------------------------------------------------

Комиссия төрағасы (фамилиясы)________________________
(қолы)

"_____" ____________ 19 ____ ж.

Ескерту:
Жүргізуші карточкасы куәлік иесінде сақталады және жүргізуші куәлігін айырбастау, сондай-ақ сол куәліктің дубликатын алғанда ЖП-нің бөлімшесіне ұсынылады.
ЖП-нің

М.О.

Қосымша N 3

Ескерту. 3-қосымша алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2008.11.13 N 424 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

Жағдайға N 4 қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 294 (ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

Жол полициясы емтихандық комиссиясының
"___" ___________ 19____ ж.-дан

**N Хаттамасы**

Комиссияның құрамы __________________ төрағасы мүшелері ______________

-----------------------------------------------------------------
NN ! Емтихан!Туған! Қандай!Емтихан ! Емтиханның нәтижесі
р/с!тапсыру-!жылы ! көлік !тапсыру. !-----------------------------
!шының ! !құралы-!шы оқыған! теориялық

!аты-жөні! !ның ка-!оқу !------------------------------
! ! !тегория!орыны !алғашқы рет !тапсырды,
! ! !сын бас-! !немесе !тапсырмады
! ! !қаруға ! !қайтадан !
! ! !емтихан ! ! !
! ! !тапсырады ! ! -----------------------------------------------
- - - - - - - - - - - - - - - -
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
------------------------------------------------------------------

Төрағасы ____________________ мүшелері
__________________________

Жағдайға N 5 қосымша

